

## **«БВ02207-Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша «Оқитын шығыс елінің БАҚ тілі» пәнінің емтихан бағдарламасы**

**Өткізу түрі:** жазбаша, дәстүрлі

**Платформа:** UNIVER АЖ жүйесі

**Формат:** офлайн

**Емтихан бағдарламасының мазмұны:**

### **Теориялық бөлігі:**

Оқитын шығыс елінің БАҚ тілі пәні бойынша әр түрлі ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын дамыту әрі қалыптастыру.

### **Тапсырма:**

1. Оқитын шығыс елі БАҚ тілінің түпнұсқа мәтіндерінің жанрлық әртүрлілігін талдау.
2. Медиа мәтіндерінің лингво-форматтық белгілерін аналитикалық бағалауды қалыптастыру.
3. Қазіргі заманғы қытай БАҚ-дағы түрлі мәтін түрлерін сипаттау және талдау.

### **Әдістемелік нұсқаулар:**

Кәсіби және әлеуметтік қатынастардың коммуникативті сөйлеу тәжірибесінде журналисттік стильге тән тілдік құралдарды қолдана отырып, қытай тілінің стандартты және экспрессивті бірліктерін (оның ішінде нұсқалық, стилистикалық белгіленген сөз формалары мен грамматикалық құрылымдарды) күнделікті кәсіби қарым-қатынаста ауызша және жазбаша түрде қолдану.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. 新闻汉语。北京语言大学出版社。2017 年
2. 新编高级报刊阅读。北京语言大学出版社。2018 年
3. 发展汉语。北京语言大学出版社。2015 年
4. 常用汉语部首。华语教学出版社。2017 年

### **ЕМТИХАНДЫ ӨТКІЗУ РЕГЛАМЕНТІ – 2 сағат**

Емтихан оқытушы мен студенттерге алдын ала белгіленген емтихан кестесі бойынша өткізілуі маңызды. Студент емтихан белгіленген уақыттан бұрын келіп, емтиханға қажетті заттарын тиянақтауы тиіс. Емтихан басталғаннан кейін, өзінің құжатын көрсетіп, келу парағына белгіленіп, сосын тиісті конверттен емтихан билетін алып, келу парағында көретілген орынға отыруы тиіс. Емтихан уақытында аудиториядан шығуға, тыйым салынған заттарды пайдалануға, көшіруге, қасындағылармен сөйлесуге тыйым салынады. Тапсырма орындалып болған соң, жұмысын өткізіп шыға беруге болады. Студенттің орындаған тапсырмасы белгіленіп, шифрлану арқылы альтернатив оқытушымен тексеріледі.

### **ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАНДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

Бағалау шарты: оқу нәтижелерін дескрипторларға қатысты бағалау (аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің қалыптасуын тексеру).

-«өте жақсы» бағасы-барлық бағдарламалық материал бойынша терең жан-жақты білім; қаралатын процестер мен құбылыстардың мәні мен өзара байланысын түсіну; сабақтас пәндердің негізгі ережелерін нақты білу; емтихан

билетінің барлық сұрақтарына логикалық, дәйекті, мазмұнды, толық, дұрыс және нақты жауаптар; ұсынылған әдебиет материалдарын еркін меңгеру;

-«жақсы» бағасы-барлық бағдарламалық материалды, қаралатын процестер мен құбылыстардың мәні мен өзара байланысын дұрыс түсінуді толық және толық білу; қойылған сұрақтарға дәйекті, дұрыс, нақты жауаптар; ұсынылған әдебиет материалдарын жеткілікті меңгеру;

-«қанағаттанарлық» бағалау - негізгі бағдарламалық материалды түсінудегі берік білім; қойылған сұрақтарға дұрыс, өрескел қатесіз жауаптар; ұсынылған әдебиет материалдарын жеткіліксіз меңгеру;

-«қанағаттанарлықсыз» баға - билет сұрақтарына дұрыс емес жауаптар; жауаптағы өрескел қателер; баяндалатын сұрақтардың мәнін түсінбеушілік; сенімсіз және дұрыс емес жауаптар.

**БАҒАЛАУ САЯСАТЫ:**

1 Блок бойынша – макс. 30 балл

2 Блок бойынша – макс. 30 балл

3 Блок бойынша - макс. 40 балл

Барлығы - 100 балл